

Телерадиохабарларының мемлекеттік бағдарламасын тарату тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 12 желтоқсан N 1527. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Қазақстан Республикасының ақпарат кеңістігіндегі телерадиохабарлары саласында мемлекет мүдделерін сақтау және осы бағдарламаларды әзірлеуде және таратуда тілдік балансты сақтауды ескере отырып мемлекеттік телерадиохабарларын дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі
қ а у л ы е т е д і :

1. Бұрын мемлекеттік телерадиохабарлары үшін бөлінген және жыл сайынғы мемлекеттік тапсырыс болып айқындалатын радиожиліктер Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігіне бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

үш ай мерзімде Қазақстан Республикасының аумағына шет ел мемлекеттерінің және Қазақстан Республикасының аумағынан басқа елдерге телерадиобағдарламаларын таратудың бекітілген тәртібін;

телерадиохабарлары мемлекеттік бағдарламасының көлемі мен кестесін және
х а л ы қ т ы қ а м т у ы н ;

Қазақстан Республикасының аумағында телерадиобағдарламаларын беруді және таратуды жүзеге асыратын кәсіпорындарды қаржыландыру көздері мен
с ы з б а л а р ы н ;

3 бағдарламалы өткізгішті радиохабарлары арнасын мемлекеттің мүддесін ескере отырып пайдалану тәртібін:

Қазақстан Республикасының аумағында меншік нысанына қарамастан, телерадиохабарлары бағдарламаларының сапасына техникалық бақылау жасау қызметінің жұмысын жаңалау жөнінде ұсыныс тапсырсын.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұ л т т ы қ а г е н т т і г і н е :

"Хабар Агенттігі" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының бағдарламаларын Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы бойынша таратуға арналған метрлік диапазонды теледидар арнасын;

Алматы қаласында аралық хабар жасауға арналған дициметрлік диапазонды
бір теледидар арнасын;

Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы бойынша "Қазақстан теледидары
мен радиосы" Республикалық корпорациясы Қазақ радиосының бірінші және
екінші бағдарламаларын трансляция жасауға арналған FM диапазонды екі
радиохабарлар арнасын;

әр облыста аймақтық телерадио бағдарламаларын таратуға арналған екі
теледидар арнасын және екі радиохабарлары арнасын қосымша бекітсін.

4. Мемлекеттік телерадиоарналары жалға берілмейді деп белгіленсін.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары И.Н.Тасмағамбетовке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі